АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ

150 Жыл Ахмет Байтұрсынұлы

# БІЛІМ ЖАРЫСЫ

• СТУДЕНТТЕР ГАЗЕТІ • 4 наурыз 2023 ЖЫЛ • №2

8 Наурыз

**ҚҰЛПЫРҒАН КӨКТЕМНІҢ, ӘСЕМДІК ПЕН СҰЛУЛЫҚТЫҢ МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!**

**С ПРАЗДНИКОМ ВЕСНЫ И ЖЕНСТВЕННОСТИ!**

8 Марта

ПРОЕКТЫ

## Инклюзии – ДА!



*Инклюзивное высшее образование - реальная возможность адекватной социализации людей с особыми потребностями. Три месяца назад в Костанае стартовал проект «Студенческая молодежь с ограниченными возможностями здоровья: правовая защита, эффективное участие в общественном и государственном управлении, повышение конкурентоспособности на рынке труда» под руководством Виталия Руднева - магистранта кафедры журналистики КРУ им. Байтурсынова*

*Продолжение на 2-странице*

Проекты



# Инклюзии – ДА!

*Продолжение. начало на 1-странице.*

**Ваш проект затрагивает большую социальную проблему. Какую помощь получили его участники, каким образом будет проходить их дальнейшая интеграция в обществе?**

Основной нашей целью было помочь социально реабилитироваться студентам с ограниченными возможностями здоровья. Ребята разных специальностей и курсов университета получили мощный юридический ликбез, психологическую подпитку, информационное обеспечение - все это дало им новые знания, навыки, а значит уверенность в себе. Занятия по эмоциональной грамотности, выезды на



природу, десанты в кафе, картинную галерею - **для многих это стало открытием, возможностью выйти за рамки обыденности. Сверхзадача проекта - мягкая интеграция молодых людей с ограниченными возможностями в общество. - С какими трудностями Вы столкнулись при его реализации?**

С апатией некоторых студентов, для которых проект и был предназначен. Некоторые покинули его. Что послужило причиной? Думаю, их длительная изоляция от общества, привычка постоянно рассчитывать на помощь, страх реализовываться, стеснительность. А еще много различных комплексов, которые сидят в человеке очень глубоко. Большая благодарность Лилии Вагановне Саркисян, блестящему специалисту, она стала психологической душой проекта. Но ведь и от человека, его желания, тоже очень многое зависит.

**- Проект спонсируется посольством США?**

Это идея Американского правительства, которое оказывает помощь людям с ограниченными возможностями во многих странах. Был объявлен конкурс, мне удалось выиграть грант для осуществления своих идей. Реализуется проект на базе Центра инклюзии кафедры психологии КРУ им. Байтурсынова. Работает большая команда педагогов, задействован департамент труда и соцзащиты, неоценима помощь волонтеров.

**- Вы добились желаемого результата?**

Говорить о результатах пока рано. Очень важна устойчивость проекта в будущем. Под устойчивостью понимается его плавная реализация и продолжительность положительных эффектов, которые проект будет иметь после своего окончания. Ребята прошли мощный тренинг, доступный не каждому. Получили консультации ведущих преподавателей, психологов. Грамотно распорядятся обретенным или закинут на полочку - время покажет.

**-Проект завершается, что он значит лично для Вас?**

Надеюсь, что все было не зря, что для наших особенных студентов это начинание станет отправной точкой, толчком для развития своего потенциала. Уверен: социализация должна быть направлена не только на предоставление им различных льгот, но на самоопределение и развитие их стремления самим управлять своей жизнью.

Мне было интересно узнать мнение тех, для кого этот проект непосредственно и был предназначен. Своими впечатлениями охотно поделился Логинов Роман – студент 4 курса специальности «Психология»: « Для меня проект – это новые встречи, знакомства, опыт общения с интересными профессионалами, психологами, сверстниками. Я обрел новых знакомых, с которыми теперь поддерживаю связь. Для меня, будущего психолога, стали бесценными знания, которыми поделился профессиональный психолог Игорь Александрович Зуев, раскрывший секреты своих «фишек», которых нет в учебниках и интернете. Скучно не было и на занятиях других тренеров. И очень полезно. Приобщился к тому, чего раньше в моей жизни не было. Я очень благодарен организаторам за новый опыт и гору позитивных эмоций!»

*Дмитрий Шерепа*
*Студент 1 курса специальности «Журналистика»*

Қысқа да нұсқа

# Жарайсыңдар! Так держать!






## Үндістанмен халықаралық ынтымақтастық

Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректор Жеңіс Жарлығасов Үндістан Елшілігінің «Свами Вивекананда» мәдени орталығының директоры Санджай Веди мырзамен кездесті.

Кездесу барысында А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ-нің студенттері мен магистранттары, докторанттары үшін Үндістанның жоғары оқу орындарына академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша білімдерін толықтыру мәселелері, сонымен қатар профессорлар мен оқытушылардың ағылшын тілі курстарынан өту шарттары талқыланды.

Сондай-ақ, Санджай Веди мырза «Шетел тілі: екі шет тілі» және «Шетел филологиясы» мамандықтарының студенттері мен магистранттары үшін «Үндістан: Қазақстан студенттерінің академиялық мүмкіндіктері» тақырыбында ашық дәріс оқыды, онда стипендиялық бағдарламалардың артықшылықтары түсіндірілді.

## Coursera-дан ҚӨУ үшін 500 лицензия




Біздің ЖОО-ға студенттерге әлемнің жетекші университеттерінде ғылымның әртүрлі бағыттары бойынша онлайн-оқытудан өтуге және сертификат алуға мүмкіндік беретін бірегей жоба келді. Және тегін негізде!

Курстар ағылшын тілінде өтеді, бірақ олардың көпшілігі мемлекеттік (қазақ) және орыс тілдеріне аударылған. ҚӨУ-дегі Coursera курстарының әкімшісі - Азамат Жикеев.

Қысқа да нұсқа



## Алтынсарин оқулары – 2023

2023 жылдың 17 ақпанында «Инновациялар, білім, тәжірибе – білім беру жолының векторлары» Алтынсарин оқулары – 2023 халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті.

Конференция кәсіби халықаралық қауымдастықтың заманауи білім беруді жаңғырту және дамыту векторларын, осы үдерісте қазақстандық ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдалану, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу және енгізу мәселелерін талқылау мақсатында өткізілді.

Конференция «Ыбырай Алтынсариннің Қостанай облыстық мемориалдық мұражайы» КММ, Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасымен, Қостанай қаласындағы «Педагогикалық шеберлік орталығымен» ЖМ бірлесіп ұйымдастырылып отыр.

Конференцияға 1000-нан астам адам – бастауыш, орта және жоғары кәсіптік, қосымша білім беру мекемелерінің педагогикалық қызметкерлері, магистранттар, студенттер, сондай-ақ Қазақстан, Ресей және Өзбекстанның білім беру саласындағы басқа да мамандары қатысты.

## Журналистерге арналған шеберлік сыныбы



Облыстық полиция департаментінде баспасөз хатшысы қызметін атқарған, бүгінде департамент бастығының БАҚ-пен байланыс жөніндегі кеңесшісі, отставкадағы полковник Елена Кашарина болашақ журналистерге шеберлік сабағын өткізді.

Елена Валерьевна жылдар бойғы тәжірибесінің арқасында жинақталған мәтін жазу ережелерімен, жоғары білікті маман болуға көмектесетін лайфхактарымен бөлісті.

Елена Кашарина кафедра студенттеріне Қостанай облысы ІІД-де өндірістік тәжірибеден өту кезінде де көмектесуге дайын екенін айтты. «Департаменттегі жұмыс қарқынына ілесу оңай емес. Бірақ күндіз-түні жұмыс істеуден қорықпасаңыз, үйренуге, тәжірибені сіңіруге дайын болсаңыз, онда сіздің қолыңыздан келеді! Бізге қиындықтар мен кәсіби өсуге дайын студенттер қажет», - деді ол.




## AlmaU университетімен ынтымақтастық

Uxiship жобасы аясында ҚӨУ инженерлік-техникалық институтының Алматыдағы студенттері мен оқытушылары күндізгі форматта серіктес жоғары оқу орындарының кездесуіне қатысты. Студенттер мен оқытушылардың тренингтері университет корпусының мамандандырылған аудиториясында өтті. Қарқынды оқыту курсы стартап пен it-кәсіпкерлікті енгізуді көздеді. Сондай-ақ, Алматының инновациялық бизнес - инкубаторлары-MOST Hub Almaty және Smart білім беру орталығына көшпелі іс-шаралар ұйымдастырылды. Тренинг барысында КРУ студенттері алматылықтарды өзінің жобаларымен таң қалдырды: үй шаруасындағы әйелдерге арналған онлайн - агрегатор, виртуалды "ойындарға түсініктеме", оқу процесін цифрландырумен көрнекі білім беру платформасы.

# Басты мақсат – қазақтың тәттілерін брендке айналдыру

**Қостанай қаласында ұлттық тағамдар сататын тұңғыш дүкен ашылды. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ Журналистика және коммуникациялық менеджмент кафедрасының аға оқытушысы, кәсіпкер Гүлнұр Өміржанқызы ұлттық тағамдарды брендке айналдырды десе болады.**



Қазақ халқының дәстүрі, киім үлгілері, әндері мен аспаптары туралы көп айтылады, бірақ ұлттық тәттілерді көп жағдайда назардан тыс қалмақ. Күнделікті өмірдегі дастархан басынан да бұл тағамдарды көре бермейміз. Тек дәстүрлі мерекелерде ғана қолданылады. Гүлнұр Өміржанқызы кейінгі жылдары тәттілерді қазақтар ғана емес, өзге ұлт өкілдері де сатып алатынын байқаған. «Егер бұл іс арқылы ұлттық тағамдарға деген жұрттың көзқарасын өзгертуге бірден-бір себепкер болсақ, біз үшін әрине, үлкен мәртебе. Қостанай қаласында осындай дүкендер көптеп ашылуы тиіс»,- дейді кәсіпкер ханым. «Менің бұл кәсіппен айналысып жатқаныма үшінші жыл. Басында отбасыма дайындап, әлеуметтік желілер арқылы тарата бастадым. Сұраныстар түсіп, кәсібім өрлей берді. Балаларым жент, тары, талқан сияқты тәттілерді жақсы көретін, бірақ қала ішінен бұл заттарды табу қиынға соғатын. Сөйтіп, ұлттық тәттілерді сататын дүкен неге ашпасқа деген ой келді. Ойым жүзеге асты», - дейді идея авторы Гүлнұр Өміржанқызы.

Кәсіпкерлікпен қазіргі танда айналысу өте қолайлы, кәсіпкерлік мол еңбекті және көп күшті талап етеді. Орта және шағын бизнесті дамыту арқылы жұмыссыздық мәселесімен күресуге болады. Бұл жайлы соңғы жолдауында президент айтып өткен еді. Жеке кәсіпкерлер адамдар үшін жаңа жұмыс орындарын ашып, мемлекетте салық төлеп отырады. Осының арқасында, елдің экономикасы да нығая түседі.

Әрбір адам жеке тұлға ретінде басқа адамға, уақытқа тәуелсіз болғысы келеді. Ал кәсіпкер өзінің жұмыс кестесін өзі жасайды және өзі бақылайды. Кәсіпкер өзін тәртіпке үйретеді, себебі ол өз жұмысының нәтижесін көру үшін тырысып, қызығушылық танытады. Кәсіпкер болу үшін көп жағдайда, әр істі бастарда небір тәуекелге бел буу қажет. Сол жолда ісің оңға басса, жұмысыңды жоғары деңгейде дамыта аласың, ал егерде кедергілерге тап болсаң, бірден бастаған істен бас тартпай басқа қырынан жағдай жасап, қарастырып көру қажет болады. Әр зат адамға оңайлықпен жемісін бермейді, осыны ескере отырып, тынбай еңбек ету қажет.

Кез келген кәсіптің, жалпы жұмыстың өзіндік қиындықтары болады, оған төзсең, кәсібіңнің жемісін көресің. Бұл турасында ол: «Бұрын үйде жасап жүргенімде, күндіз негізгі жұмысыма барып, кешкілік балаларды мектепке даярлап, үйдің тірлігін бітірген соң ғана, түн уақытында тапсырыстарыма кірісетінмін. Күнделікті 2-3 сағат ұйықтап, сондай режим қалыптасып, біршама қиындықтар болды. Қазір дүкен ашылған сәттен бастап, қиындықтар біршама жеңілдей түсті. Тұтынушылардың тапсырысын қабылдап, көңілінен шығу, жарнамамен жұмыс істеу бағытында біраз еңбектендік. Алда жоспар көп, сәті түссе, оны да бөлісе жатармыз», – дейді.

Қорытындылай келе, ел экономикасына үлкен серпін беретін саланың бірі – кәсіпкерлік. Осы салада Гүлнұр Өміржанқызына кәсібіңіз өрлей берсін дегіміз келеді. Ұлттық тәттілерімізбен ел экономикасын көркейтіп, беделді кәсіпкерлердің біріне айналуыңызға тілектеспіз.

*Дильназ Изделюева*
*Журналистика мамандығының 3-курс студенті*




**Бас редактор/Главный редактор**
Кунгурова О.Г.

**Бас редактор орынбасары-беттеуші/Заместитель главного редактора-верстальшик**
Мираспеков С.Н.
**Редактор**
Утепбаева С.Т.

**Телефон:** +7 (7142) 51 11 93

Преподаватели тоже люди

# Она знает секрет счастья



**«Напрасно утверждают, что человек должен довольствоваться спокойной жизнью: ему необходима жизнь деятельная…», - эта цитата из романа английской писательницы Шарлотты Бронте «Джейн Эйр» отлично характеризует героиню моей публикации**

Пархоменко Ирина Александровна - кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор КРУ им. А.Байтурсынова. Она является выпускницей нашего ВУЗа по специальности – психология и имеет диплом с отличием. С 2000-го года работает практикующим психологом, а в 2005-ом стала преподавать в университете. С раннего детства она много читала. Книги научили ее обращать внимание на каждую деталь, под разными углами смотреть на конкретные ситуации, а на уроках литературы ее мнение о личности и поведении героев часто отличалось от общепринятого, но благодаря замечательным понимающим ее учителям, оно не подавлялось, хотя и вызывало удивление. Позже, совсем еще юная Ирина стала замечать, как отношения в семье, обстановка, окружение влияют на формирование характера человека, как в ребенке проявляются неосознаваемые желания и потребности, понимать, как долго детские травмы продолжают жить в нас. С этого момента и появился этот необычайный интерес к психологии. Несмотря на то, что творческий путь Ирины Александровны был успешным и насыщенным, важным для нее остается не карьера, а знания, которыми она делится со студентами, удовлетворение оттого, что смогла помочь людям, что кто-то стал чаще улыбаться, а кто-то вновь обнял или простил родных, с которыми не общался много лет. Быть психологом трудно. Они узнают о тысячах историй болью и обидой переполненных людей и каждому хочется помочь. Нелегко бывает и в отношениях с близкими, потому что психолог немного больше видит, немного больше слышит, немного больше понимает, чем этого хотелось бы. Но все же именно дома Ирине Александровне удается снять с себя эту роль и побыть «обычным» человеком, со своими слабостями, недостатками и увлечениями. А интересов очень много.





Если вы слышали фразу «Талантливый человек талантлив во всем» - то знайте, речь идет определенно о Ирине Пархоменко. Игра на фортепиано, рисование, пение, чтение и даже сочинение стихотворений – небольшой список ее хобби. Но главной страстью стали путешествия. В другой стране, в другом городе нашу героиню в первую очередь интересуют не торговые центры и «тусовочные» места, а исторические памятники и достопримечательности.

Вернувшись из поездок, она много раз будет пересматривать документальные фильмы о тех местах, в которых успела побывать, находить исторические справки и дополнительные материалы. При этом не любит поезда, а вот автомобиль и самолет – определенно ее транспорт. Даже если дорога долгая, ее ничуть не утомляет такое путешествие.

Можно предположить, что такая бурная жизнь провоцирует человека быстро перегореть, но это не про Ирину Александровну. Безумно восхищает, что несмотря на усталость, проблемы, загруженность делами и заботами Ирина Александровна старается всегда быть спокойной и собранной. Ее «пары» проходят легко и увлекательно: новые подходы, интереснейшие задания – неотъемлемая их часть. В своей работе она всегда добросовестна, ведь как никто другой знает, как трудно дается каждая, хоть и маленькая, но победа. Я уверена: если бы у нее спросили, хотела бы она заниматься чем-то другим в жизни, твердо ответила бы, что нет. В этой самореализации, профессии, жизни – есть ее счастье, которым она с удовольствием делится с другими.

*Кристина Фритц*
*Студентка 2 курса специальности «Журналистика»*

Советую посмотреть

# Проверить руки, поставить диагноз?



Представьте, теперь в Костанае это можно сделать не только в поликлиниках или у частного врача, а в нашем русском театре драмы после просмотра нового спектакля с интригующим названием "Руки у нас холодные"

Постановка заметно отличается от тех, что были в театре ранее. Хотя на сцене – классика. А.П.Чехов. Почему? Расскажу...

Еще до начала спектакля, попав в зал, зритель сразу оказывается в доме героев из чеховского рассказа "Володя". Кулисы не закрыты. Приглушенный свет. Большой длинный стол. Стулья. Большая люстра. Персонажи играют в мяч, смеются, слоняются из стороны в сторону, а вы при этом двигаетесь к своему ряду и месту. А вдогонку вам чеховские горничные: "Дорогой зритель, отключи, пожалуйста, сотовый телефон. Иначе наша актриса превратится в собаку и побежит к вам в зал". И тут же со сцены: «Гав-гав-гав».

Хочу отметить: вкрапления юмора здесь уместны несмотря на то, что спектакль о том, как люди не могут найти поддержку от тех, кто вокруг них, тех "теплых" рук, которые они так часто ищут.

"Руки у нас холодные", - начинается спектакль со слов автора. Он будто расшифровывает зрителю, а иногда и главному герою, Володе, что происходит и что будет происходить дальше. Отмечу, текст Чехова остался неизменным. В один рассказ режиссер-постановщик Евгения Тикиджи-Хамбурьян хитро вплетает другой: героиня - взрослая женщина из "Володи"- делится историей своей первой невзаимной любви. Но это уже другой чеховский рассказ - "Верочка". Из иных экспериментов - слоумо - эффект, когда на первом плане актер, который произносит монолог, а остальные уходят на второй план и выразительно замедляют свои действия. А еще неожиданно героем оказывается ...аккордеон, с помощью которого оригинально обыграна сцена в формате 18+. Это дает понять зрителю, что только что произошло между Володей и Анной Федоровной.

Смерть персонажа в одном рассказе вдруг оборачивается началом новой роли в другом. Теперь Володя - автор. Начинаются "Враги». Герои существуют в одном пространстве, но оно - калейдоскоп. Здесь жизни разных людей сводятся к одному: "Руки у нас холодные…". Холодные руки – холодные души, сердца. Финальный монолог становится апогеем всего действа: герой, пытаясь перекричать музыку, доносит до зрителя слова своей боли. В этот момент на него начинает валить снег. А я замечаю: в соседних со мной креслах парень с девушкой сжимают руки друг друга.

P.S. Проверить свои руки, взбудоражить душу, испытать катарсис можно в русском театре драмы 26 марта с 17.00

*Яна Гарькуша,*
*студентка 3 курса специальности «Журналистика»*

Заманауи білім

# Өңірлік БАҚ хақында

**Журналистика саласында сапалы білім беру бойынша А. Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің атқарып жатқан еңбегі орасан зор. Жасалып жатқан істер жайлы толық ақпарат білу үшін аталған оқу орынның «Журналистика және коммуникациялық менеджмент» кафедрасының меңгерушісі Балажан Мұстафинамен тілдескен едік. Оның айтуынша ҚӨУ-дің өңірлік БАҚ саласына қосып жатқан үлесі шексіз.**

— Ұлт ұстазы атындағы университет журналистика мамандарын даярлау да 25 жылдан астам уақыт қызмет көрсетіп келеді. Ең басты айтылуы керек заңдылық бұл мамандардың білімді әрі өз ісін жақсы білетін әмбебап болып шығатындығы. Оған дәлел қазір еліміздің түкпір-түкпірінде біздің қара шаңырақтан түлеп ұшқан студенттер кезігеді. Оқу жүйесінде студенттерге тиімділік мақсатында дуалды оқу енгізілген. Бұл жерде білім алушы 60% сабаққа қатысып, қалған 40%-да редакция немесе телеарна, радиоларда тәжірбие жинақтайды. Студентке жұмыс беруші орынмен ЖОО арасында арнайы үш жақты келісімшарт жүргізіліп, білікті маман шығуы үшін осындай жағдай жолға қойылған. Нақтырақ айтқанда студент, ЖОО және жұмыс беруші. Бірақ жұмыс берушілердің талаптары басты назарда. Өңірлік БАҚ өкілдерімен кездескен де олар арнайы талаптарын айтады. Көбіне жазатын, сөйлейтін, суретке және бейне роликтерге түсіре алатын студент болса ойланбастан жұмысқа қабылдаймыз дейді. Қазір 21 ғасыр жедел ақпараттың заманы. Сондықтан жылдамдық пен шапшаңдық және әмбебаптық керек. Аталған қасиеттер бойында тоғысқан студенттер жұмыс пен оқуды қатар алып жүруде. Осы ретте студенттер оқып жүргенде жергілікті БАҚ салаларында тәжірбие жинақтап, білім алады да, дипломды қолға алған күні республикалық телеарналар мен баспасөздерге жол тартады. Ол бір жағынан қарағанда дұрыс. Себебі жастардың бойындағы таланты мен дарынын тек жалғыз ортаға байлап тастауға болмайды. Жалындап



тұрған жастың өзіне лайықты орнын тапқаны құба-құп, — дейді кафедра меңгерушісі.

«Атамекен» Кәсіпкерлер палатасының қорытындысы бойынша 2022 жылдың рейтингінде ұлт ұстазы атындағы университеттің журналистика мамандығы үздік екінші орынға енген. Ескере кету керек білім және ғылым министрлігімен бірлесе отырып, жыл сайын барлық қазақстандық жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларына тәуелсіз бағалау жүргізіледі. Республикалық көрсеткішке өңірлік оқу орынның енгені қуанышты жаңалық.

Университетке түсем деп ниет білдірген оқушылар толық ақпаратты «ksu.edu.kz» сайтынан және «baitursynov_university», «zhurnalistykru» инста парақшаларынан біле алады. Сондай-ақ, мамандыққа тарту мақсатында кәсіптік бағдар беру (профориентация) жұмыстары жолға қойылған. Әр курс студенттері өз қала-аудандарына барғанда мектеп басшыларымен жолығып мамандық жайлы ақпарат таратады. Осы кезге дейін Ақмола облысы Жақсы ауылына, Арқалық қаласына, Аманкелді ауданына және қаламыздағы бірқатар мектептерде кездесулер өткен.

— Үгіт-насихат жұмыстары тоқтап қалмайды. Бүгінгі күні де жалғаса беретін болады. 10-11 сынып оқушыларына журналистика мамандығына түсу жолдары туралы айтылуда. Көбіне балалар журналистикаға түсу үшін ҰБТ-да бес пән таңдайды деп ойлайды. Негізінде бізде тек екі пән оқу сауаттылығы мен Қазақстан тарихының баллдары есептеледі. Бес пәнді тапсырған оқушы да журналистикаға құжат тапсыра алады. Дегенмен онда негізгі екі пән Қазақстан тарихы мен оқу сауаттылығы ғана есепке алынады. Қос пәннен алған балл көрсеткіші жоғары болуы керек. ҰБТ нәтижесімен университетке келіп шығармашылық емтихан тапсырады. Емтихан екі бағыт бойынша өтеді. Бірінші жазбаша. Онда берілген және еркін тақырып бойынша бір шығарма жазады. Екінші сөйлесу баланың қабілетін байқау. Оған газет беттеріне жарияланған мақала, өлең, әңгіме және журналистикаға байланысты сертификат, диплом, алғыс хаттарын алып келуіне болады, — дейді Г. Төлеуқызы.

*Бибіт НҰРМҰХАНОВ*
*Журналистика мамандығының 1-курс студенті*